

№ исх: 08-06/667 от: 19.02.2020  
№ вх: 253 от: 20.02.2020

**«ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ  
ӘКІМДІГІНІҢ  
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ»  
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ**

110003, Қостанай қаласы, Гоголь көшесі, 183  
тел: 8(714-2) 57-53-10, факс: 53-60-33  
e-mail: [dep@kostanay.gov.kz](mailto:dep@kostanay.gov.kz)



**ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ  
«УПРАВЛЕНИЕ ОБРАЗОВАНИЯ  
АКИМАТА  
КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ»**

110003, город Костанай, ул. Гоголя, 183,  
тел: 8(714-2) 57-53-10, факс: 53-60-33  
e-mail: [dep@kostanay.gov.kz](mailto:dep@kostanay.gov.kz)

## **Қалалар мен аудандар әкімдіктерінің білім бөлімдері басшыларына**

*Кепілдік берілген әлеуметтік топтама  
алушылар қатарындағы 15-18 жастағы  
балаларға арналған жеңілдікті жол жүруді  
ұйымдастыруға қатысты*

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына Жолдауында аз қамтылған отбасылардың балаларына әлеуметтік қолдау көрсетуді тапсырды.

«Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы» заңына сәйкес кепілдік берілген әлеуметтік топтама – бір жастан он сегіз жасқа дейінгі балалары бар табысы аз отбасыларға көрсетілетін көмек.

2020 жылдан бастап кепілдік берілген әлеуметтік топтаманы екі жас категориясына бөлді:

1 жастан 6 жасқа дейінгі балалар (*жауаптылар – әлеуметтік қорғау органдары*);

6 жастан 18 жасқа дейінгі балалар (*жауаптылар – білім беру ұйымдары*), **тиісті оқу жылы кезеңінде** орта білім беру ұйымдарындағы оқушылар.

«Кепілдік берілген әлеуметтік топтама шеңберінде ұсынылатын көмектің түрлері мен көлемдерін айқындау туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 30 желтоқсандағы № 1032 қаулысы негізінде орта білім беру ұйымдарында оқитын алты жастан он сегіз жасқа дейінгі балалар үшін кепілдік берілген әлеуметтік топтама:

1) мектеп формасын не спорттық форманы және мектеп-жазу керек-жарақтарының жиынтығын;

2) денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекітетін нормаларға сәйкес оқу жылы кезеңіндегі оқу күндері оқитын жері бойынша бір реттік ыстық тамақты;

3) қоғамдық көлікте (таксиден басқа) тасымалдау кезінде билеттің толық құнының кемінде 50 проценті мөлшерінде қоғамдық көлікте жеңілдікпен жол жүруді қамтиды.

Қоғамдық көлікте жол жүру кезінде 7 жастан бастап 15 жасқа дейінгі балаларға «Қазақстан Республикасындағы көлік туралы» Заңның 13-баптың нормалары қолданылады.

15 жастан 18 жасқа дейінгі балалардың жеңілдікпен жол жүруін қамтамасыз ету қажет, осы мақсаттар үшін елді мекенде қоғамдық көлік жұмыс істейтін жағдайда тасымалдаушылармен қажетті бағыттар бойынша шарт жасау талап етілмейді.

15 жастан 18 жасқа дейінгі балаларды жеңілдікпен жол жүрумен қамтамасыз етудің үлгі алгоритмін ұсынамыз:

1. Әр мектеп бойынша 15 жастан 18 жасқа дейінгі балалар санын анықтау.

2. Қаржыландыру жоспарларына өзгерістер енгізу, әр мектеп бойынша 153-ерекшелікті көздеу (*немесе орталықтандырылған бухгалтерияда*).

3. Техникалық ерекшелікте міндетті түрде маршруттың, жеңілдікті жол жүруді куәландыратын құжатты (*жол жүру билеті*), шарттық міндеттемелердің орындалуын бақылау мерзімдері мен тетігін (*орындалған жұмыстардың ай сайынғы актісі*) көрсете отырып, мемлекеттік сатып алу рәсімдерін (*«Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңның 13-бабы*) жүргізу.

4. Қажетті бағыттар бойынша тасымалдаушылармен шарттар жасасу.

Шарттық міндеттемелердің орындалуын бақылау тетігі үшін:

а) оқушының фотосуреті мен тегін, атын, әкесінің атын (*бар болса*), оқу мектебінің атауын көрсете отырып, жеңілдікпен жол жүруін куәландыратын құжатты әзірлеу;

б) ай сайын, есепті кезеңнен кейінгі айдың 10-на дейінгі мерзімде тасымалдаушыларға жаңадан келген және кеткен оқушыларды есепке ала отырып, жеңілдіктер беру;

в) растаушы құжатты ұсына отырып, ай сайын қызмет алған балалар саны бойынша тасымалдаушылармен салыстырып тексеру жүргізу.

Бұдан басқа «Мемлекеттік білім беру мекемелерінің мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан, сондай-ақ мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне және жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалып, отбасыларда тұратын балаларға, төтенше жағдайлардың салдарынан шұғыл жәрдемді талап ететін отбасылардан шыққан балаларға және өзге де санаттағы білім алушылар мен тәрбиеленушілерге қаржылай және материалдық көмек көрсетуге бөлінетін қаражатты қалыптастыру, жұмсау бағыты мен оларды есепке алу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы № 64 қаулысына сәйкес кепілдік берілген әлеуметтік топтамадан тыс білім алушылары мен тәрбиеленушілерінің мынадай санаттарына:

1) мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан балаларға;

2) жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалып, отбасыларда тұратын балаларға;

3) төтенше жағдайлардың салдарынан шұғыл жәрдемді талап ететін отбасылардан шыққан балаларға;

4) білім беру ұйымының алқалы басқару органы айқындайтын білім алушылар мен тәрбиеленушілердің өзге де санаттарына (бұдан әрі – білім алушылар мен тәрбиеленушілер) қаржылай және материалдық көмек көрсетіледі.

Қосымшалар:

1. «Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 17 шілдедегі № 246 Заңы.

2. «Кепілдік берілген әлеуметтік топтама шеңберінде ұсынылатын көмектің түрлері мен көлемдерін айқындау туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 30 желтоқсандағы № 1032 қаулысы.

3. «Мемлекеттік білім беру мекемелерінің мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан, сондай-ақ мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне және жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалып, отбасыларда тұратын балаларға, төтенше жағдайлардың салдарынан шұғыл жәрдемді талап ететін отбасылардан шыққан балаларға және өзге де санаттағы білім алушылар мен тәрбиеленушілерге қаржылай және материалдық көмек көрсетуге бөлінетін қаражатты қалыптастыру, жұмсау бағыты мен оларды есепке алу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы № 64 қаулысы.

**Білім басқармасының  
басшысы**

**В. Цымбалюк**

*Орынд.: М. Әлжанова,  
Тел: 537 054*

**Руководителям  
отделов образования акиматов  
районов и городов.**

*Касательно организации льготного  
проезда для детей 15-18 лет из числа  
получателей гарантированного  
социального пакета.*

Президент Казахстана Касым-Жомарт Токаев в Послании народу поручил обеспечить детей из малообеспеченных семей социальной поддержкой.

В соответствии с законом «О государственной адресной социальной помощи», гарантированный социальный пакет – это помощь малообеспеченным семьям, имеющим детей в возрасте от одного до восемнадцати лет.

С 2020 года гарантированный социальный пакет разделили на две возрастные категории:

Дети от 1 до 6 лет (*ответственные – органы соц. защиты*);

Дети от 6 до 18 лет (*ответственные – организации образования*), обучающиеся в организациях среднего образования **в период соответствующего учебного года.**

На основании Постановления Правительства Республики Казахстан от 30 декабря 2019 года № 1032 «Об определении видов и объемов помощи, предоставляемой в рамках гарантированного социального пакета» гарантированный социальный пакет (*далее – ГСП*) для детей в возрасте от шести до восемнадцати лет, обучающихся в организациях среднего образования, включает в себя:

- 1) комплект школьной либо спортивной формы и комплект школьно-письменных принадлежностей;
- 2) одноразовое горячее питание по месту обучения в учебные дни в период учебного года согласно нормам, установленным уполномоченным органом в области здравоохранения;

3) льготный проезд на общественном транспорте (кроме такси) в размере не менее 50 процентов от полной стоимости билета при перевозке на общественном транспорте.

При проезде в общественном транспорте на детей в возрасте от 7 до 15 лет распространяются нормы статьи 13 Законом «О транспорте в Республике Казахстан».

Для детей от 15 до 18 лет необходимо обеспечить предоставление льготного проезда, для этих целей требуется заключить договоры с перевозчиками по необходимым маршрутам при условии, что в населенном пункте функционирует общественный транспорт.

Предлагаем примерный алгоритм обеспечения льготным проездом детей от 15 до 18 лет:

1. Определить количество детей от 15 до 18 лет получателей ГСП по каждой школе, которым полагается льготный проезд.

2. Внести изменения в планы финансирования, предусмотреть специфику 153 по каждой школе (*либо в централизованной бухгалтерии*).

3. Провести процедуры государственных закупок (*ст.13 закона «О государственных закупках»*) с обязательным указанием в техспецификации маршрута, документа удостоверяющего льготный проезд (*проездной билет*), сроков и механизма контроля исполнения договорных обязательств (*ежемесячный акт выполненных работ*).

4. Заключить договоры с перевозчиками по необходимым маршрутам.

Для механизма контроля исполнения договорных обязательств необходимо:

а) разработать документ удостоверяющий льготный проезд ученика, с фотографией и указанием его фамилии, имени, отчества (*при наличии*), наименования школы обучения;

б) ежемесячно, в срок до 10 числа, следующего за отчетным, предоставление перевозчикам списков льготников, с учетом вновь прибывших и убывших учеников;

в) ежемесячно производить сверку с перевозчиками по количеству детей, получивших услугу, с предоставлением подтверждающего документа.

Кроме того, в соответствии с Постановлением Правительства Республики Казахстан от 25 января 2008 года N 64 «Об утверждении Правил формирования, направления расходования и учета средств, выделяемых на оказание финансовой и материальной помощи обучающимся и воспитанникам государственных учреждений образования из семей, имеющих право на получение государственной адресной социальной помощи, а также из семей, не получающих государственную адресную социальную помощь, в которых среднедушевой доход ниже величины прожиточного минимума, и детям - сиротам, детям, оставшимся без попечения родителей, проживающим в семьях, детям из семей, требующих экстренной помощи в результате чрезвычайных ситуаций, и иным категориям обучающихся и воспитанников» оказывается финансовая и материальная помощь вне гарантированного социального пакета:

1) детям из семей, не получающих государственную адресную социальную помощь, в которых среднедушевой доход ниже величины прожиточного минимума;

2) детям – сиротам и детям, оставшимся без попечения родителей, проживающим в семьях;

3) детям из семей, требующих экстренной помощи в результате чрезвычайных ситуаций;

4) иным категориям обучающихся и воспитанников, определяемым коллегиальным органом организации образования (далее – обучающиеся и воспитанники).

Приложения:

1. Закон Республики Казахстан от 17 июля 2001 года № 246 «О государственной адресной социальной помощи».

2. Постановление Правительства Республики Казахстан от 30 декабря 2019 года № 1032 «Об определении видов и объемов помощи, предоставляемой в рамках гарантированного социального пакета».

3. Постановление Правительства Республики Казахстан от 25 января 2008 года N 64 «Об утверждении Правил формирования, направления расходования и учета средств, выделяемых на оказание финансовой и материальной помощи обучающимся и воспитанникам государственных учреждений образования из семей, имеющих право на получение государственной адресной социальной помощи, а также из семей, не получающих государственную адресную социальную помощь, в которых среднедушевой доход ниже величины прожиточного минимума, и детям - сиротам, детям, оставшимся без попечения родителей, проживающим в семьях, детям из семей, требующих экстренной помощи в результате чрезвычайных ситуаций, и иным категориям обучающихся и воспитанников.

**Руководитель  
управления образования**

**В. Цымбалюк**

*Исп.: М.Альжанова,  
тел.537 054*